**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Байғанин аудандық білім бөлімі» ММ «Қарауылкелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

**Қарауылкелді селосы** ________**2024ж**
**Құрманғазы 98**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Қарауылкелді орта мектебі» КММ-нің кезектен тыс 2024ж 26.04 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі 2024 ж 26.04 №5 бұйрығының негізінде 02-31.05 аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024 ж 26.04 №5 бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Койшыгулова Канат Маркабаевна | мектеп директоры, комиссия төрағасы |
| 2 | Кисыкбасов Берик Азанович | директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, физика пәнінің мұғалімі,комиссия мүшесі |
| 3 | Бердіғали Шынар Ибадуллақызы | директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, география пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі |
| 4 | Әбимолда Көркем Әбдуалиқызы | бастауыш кластар бойынша орынбасары,бастауыш класс мұғалімі,комиссия мүшесі |
| 5 | Кушпанова Гүлсезім Ізгіліkқызы | директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, география пәні мұғалімі, комиссия мүшесі |
| 6 | Елеуова Жангүл Темірланқызы | «Дарынды балалар» жетекшісі, биология пәні мұғалімі, комиссия мүшесі, |
| 7 | Аккожаева Гүлнұр Кожагалиевна | қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі |
| 8 | Төлекбаева Мөлдір | бастауыш класс мұғалімі,комиссия мүшесі |
| 9 | Шамбаева Ботагөз Калидоллаевна | мектеп психологы, комиссия мүшесі |
| 10 | Коныспаева Салтанат Коныспайқызы | информатика пәнінің мұғалімі,комиссия мүшесі |
| 11 | Елеуов Ақылжан Арсыланович | директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі |

Комиссия құрамы мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілітін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлкеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

**1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы**

**Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)**

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Байғанин аудандық білім бөлімі» ММ-нің «Қарауылкелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
030300, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Құрманғазы көшесі үй №98,

**Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)**

**Телефон: 8 (71345) 23115 факс**
Электронды почта:sch_karaulkeldy1@mail.ru; sch_karaulkeldy1@mail.kz
сайты: https://sh-karauylkeldi.baiganin-roo.edu.kz/

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)**

Койшыгулова Канат Маркабаевна, «Байғанин аудандық білім бөлімі» ММ-нің 2013 жылғы 1 қараша №48 Ж/Қ бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалған.
ұялы телефоны: 87752927410

**Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар**
Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 18 қаңтарда берілген.
Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 23.12.1997 жыл, БСН 971240002096. **Құрылтайшысы**: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мектеп жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігі 23 желтоқсан №469 2020 жылғы қаулысымен бекітілген

**Рұқсат етуші құжаттар**
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 10.03.2016 жылы №KZ70RVK00009606 берілген.
«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 29.01.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ08LAA00021009 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

## 2.Кадрлық құрамға талдау

"Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді.
2023-2024 оқу жылындағы жағдай бойынша мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 98 педагог (оның ішінде 1 педагог-ұйымдастырушы, 3 қосымша білім беру педагогы, 1 тәлімгер, 3 психолог, 1 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарады.
98 педагог ішінде: санаты жоқ-28, екінші санатты-2, жоғары санатты-2, «педагог-модератор»-15, «педагог-сарапшы»-22, «педагог-зерттеуші»-29. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам 54%.
2023-2024 оқу жылы бойынша мектептің мектепалды даярлық сыныбында 5-жиынтық сынып жұмыс жасады. Педагог кадрлар саны – 5 тәрбиеші жұмыс жасайды. 5-і жоғары білімді. Педагогтардың жоғары санаты бары-1, «педагог»-3, «педагог-зерттеуші»-1.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – 37. «педагог»–10, жоғары санатты-1 «педагог-модератор»-5, «педагог-сарапшы»–10, «педагог-зерттеуші»-11, Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам–59%-ды құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша жалпы білім беретін мектептер - 35%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – 66. Оның ішінде, «педагог»–16, екінші санатты–1, «педагог-модератор»–13, «педагог-сарапшы»–13, «педагог-зерттеуші»–23, Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы – 55%-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша жалпы білім беретін мектептер үшін - 40 %-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Ескерту: 2023 – 2021 оқу жылының кестелік ақпаратқа мұғалімдер санына логопед пен дефектолог енгізілген.
Жаратылыстану-математика бағытындағы педагогтердің үлесі – 14. Оның ішінде –"педагог-зерттеуші" – 8, "педагог-сарапшы" –1, "педагог-модератор" – 3, педагог-2 мұғалім. Сапалық құрам – 64% құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша жалпы білім беретін мектептер үшін - 30 %-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.
«Қарауылкелді орта мектебі» КММ-де педагогтер саны – 98, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер – 93; қайта даярлау курсынан өткен педагогтер – 2 (Ә.А.Ұлықпан, Н.А.Макажанова);
Магистр дәрежесі бойынша -2 педагог ал арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – 5. Сапалық

құрам – 94,8%

***Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер;***

**2023-2024 оқу жылы.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бекітілген бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары – осы Қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына сәйкес кезекті аттестаттаудан өткізілген.

| Аты-жөні, тегі | Лауазымы | Жалпы еңбек өтілі | Пед. еңбек өтілі | БҰБ басшысының орынбасары | Санаты |
|---|---|---|---|---|---|
| Койшыгулова Канат Маркабаевна | Мектеп директоры | 34 жыл | 34 жыл | 10 жыл | Педагог-сарапшы №369 бұйрық 11.09.2023 **«Басшы-менеджер»** №183 бұйрық 25.02.2022 |
| Кисикбасов Берик Азанович | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары | 38 жыл | 38 жыл | 8 жыл | Педагог-модератор №111 бұйрық 10.12.2021 |
| Әбимолда Көркем Әбдуалиқызы | Директордың бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары | 15 жыл | 15 жыл | 6 жыл | Педагог- зерттеуші №212 бұйрық 13.08.2021 |
| Бердіғали Шынар Ибадуллақызы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | 33 жыл | 33 жыл | 1 жыл | Педагог-зерттеуші №369 бұйрық 11.09.2023 |
| Күшпанова Гүлсезім Ізгіліккызы | Директордың оқу әдістемілк орынбасары | 10 жыл | 10 жыл | 6 ай | Педагог-сарапшы №102 бұйрық 12.07.2021 |

***кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;***

**2023-2024 оқу жылында** «Қарауылкелді орта мектебі» КММ-де 28 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірді. Байғанин ауданының білім бөлімінің 15 қаңтар 2024 жылғы №04/63 санды хатында 2023 жылдың қыркүйек-желтоқсан айына жоспарланған аттестацияның форс-мажорлық жағдайларға байланысты барлық облыстарда тоқтатылғандығы хабарланған.
Осыған байланысты, 2023 жылдың қазан айында санаттарыны мерзімі келіп, бірақ форс-мажорлық жағдайға байланысты аттестациядан өту мүмкіндігінен айырылған білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің санаттарын 2024 жылдың қыркүйек айына дейін созу туралы орталық атқарушы органның хаты жолданған. Сол себепті педагогтарды аттестаттау тоқтатылған. Аттестация бойынша болатын тест уақыты 2024 жылдың 9-12 шілдесіне белгіленген.

***білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;***

**2023-2024 оқу жылында** білім алу барысында да оқушыларымыз көптеген байқауларға қатысып, аудан, облыс көлемінде өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете алды.

«Балалар әлемі» жобасы аясында 8-10 класс оқушылары арасында өткен Республикалық

балалар оқулары байқауының аудандық кезеңінде 10 класс оқушысы Арыстан Құралай жүлделі І-
орымен марапатталды. Жетекшісі: Казыбекова Арзия

Жас ұрпақтың бойына ұлттық рухты сіңіру және тілді, әдебиетті жете меңгерту мақсатында жалпы білем беретін мектептердің 8-11 класс оқушылары арасында өткен республикалық "Ақберен" байқауының аудандық кезеңінде 8-класс оқушысы Қырымқұл Аружан ІІ орынмен марапатталды. Жетекшісі: Аккожаева Гульнур

«Тәуелсіз елім-кең байтақ жерім» атты аудандық эссе байқауында 9-класс оқушысы Тулеуова Альбина ІІІ орынмен марапатталды. Жетекшісі: Қалиғұлла Жұлдызай

"Төл Теңгенің 30 жылдығы" атты эссе байқауының аудандық кезеңінде 8-сынып оқушысы Қырымқұл Аружан І орынға ие болды. Облыстық кезеңі бойынша ІІІ орын. Жетекшісі: Аккожаева Гульнур.

Жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сынып оқушылары арасында «Мен таңдаған мамандық» атты эссе байқауының аудандық кезеңінде 11-сынып оқушысы Қуанышқызы Фатима І орын. Облыстық кезеңнен Қуанышқызы Фатима ІІІ орын Жетекшісі: Исмағамбет Гүлнара. 10-сынып оқушысы Тоғысбай Медина І орын. Жетекшісі: Қазыбекова Арзия. Амангелді Жанерке ІІ орын. Жетекшісі: Елеуова Нуршат. Аманжолова Мадина ІІ орын, Тулеуова Альбина ІІ орын Жетекшісі: Исмағамбет Гүлнара.

Республикалық ІІІ «Абай әлемі» шығармашылық байқауының «Жүрегімнің түбіне терең бойла..» атты эссе байқауының аудандық кезеңінде 11 класс оқушысы Халелова Шұғыла І орын ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды. Жетекшісі: Макажанова Назгул. 8 класс оқушысы Болатова Камилла ІІІ орын. Жетекшісі: Елеуова Нуршат.

7-11 класс оқушылары арасында «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының аудандық кезеңінде «Білгірлер бәйгесі» бағыты бойынша 8-сынып оқушысы Қырымқұл Аружан ІІІ орын, «Жас қаламгер» бағыты бойынша 7-сынып оқушысы Аманбек Ақерке ІІІ орын. Жетекшісі: Елеуова Нуршат. «Сөз шеберлері» бағыты бойынша 9-сынып оқушысы Тулеуова Альбина І орын. Жетекшісі: Макажанова Назгул.

7-11 класс оқушылары арасында республикалық Мәшһүр-Жүсіп оқуларының аудандық кезеңінде «Білімді зерек адам болам десең, қара өзіңді басқаның айнасымен» бағыты бойынша 10-сынып оқушысы Тоғысбай Медина І орын. Жетекшісі: Казыбекова Арзия.

8-11 класс оқушылары арасында М. Мақатаев оқуларының аудандық кезеңінде «Айтып өткен ақында арман бар ма?» бағыты бойынша І орын. Жетекшісі: Казыбекова Арзия.

Жалпы білім беретін мектептердің 8-11 класс оқушылары арасында Абай оқуларының аудандық кезеңінде «Сөз өнеріндегі ұлы Абай» бағыты Бойынша 11-сынып оқушысы Халелова Шугыла ІІІ орын. «Көңілім әнді ұғады» бағыты бойынша 11-сынып оқушысы Реймова Әсем ІІ орын. Жетекшісі: Макажанова Назгул.

«Көңілім әнді ұғады» бағыты бойынша 10-сынып оқушысы Исламов Арман І орын алып, облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезеңнен ІІІ орын. Жетекшісі: Казыбекова Арзия

**2023 – 2024жж** оқушыларға ынтымақтық тірегі, руханияттың күзетшісі болатын театр өнері арқылы эстетикалық сезімдерін және оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру мақсатында **«Әдебиеттегі сахна»** оқу жоспарының Республикалық **«Театрдың ғажайып әлемі»** атты театр өнері фестиваль байқауының аудандық кезеңінде "Тахауи тағылымы" атты драмалық қойылымдар байқауында 8-9 кластардан құралған "Өнерлі балалар" театр ұжымы жүлделі І орынды иемденді. Облыстық кезеңнен ІІІ орын. Театр мүшелері: Кенжебек Нұрсая, Есенгосов Расул, Ермеков Жантілек, Бердібаева Райхан, Зейноллаев Батырхан. Жетекшілері: Жазымова Задаш, Абубакирова Мерует, Токмұратова Гүлжанар.

«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім орталығының ауылдық елді мекендеріндегі бастауыш класс оқушылары арасында «Ертегілер еліне саяхат» атты аудандық «Үздік ертегіші» бағыты бойынша 1 сынып оқушысы Жетпісбаева Аяна І орын. Жетекшісі: Усманова Гүлзада. 2-сынып оқушысы Тағыбергенова Әмір ІІ орын. Жетекшісі: Төлекбаева Мөлдір. 2-сынып оқушысы Ақбидаев Нұрғизат ІІ орын. Жетекшісі: Сәду Маржангүл. 2-сынып оқушысы Диларова Нұрислам І орын. Жетекшісі: Займолдина Жанар. «Үздік сахналық қойылым» бағыты бойынша аудандық кезеңнен 3-4 класс оқушылары Орнынкулова Асемай, Жанияз Даулет, Ешанов Иманәли, Сүлейменов Диас І орын. Облыстық кезеңнен ІІ орын. Жетекшілері: Жазымова Задаш, Абубакирова Меруерт, Токмуратова Гүлжанар

**2023-2024жж** ауыл мектептеріндегі дарынды балалардың ғылыми-зерттеу, оқу-танымдық дағдыларын дамыту және дарынды оқушыларды анықтау мақсатында өткен «Дарынды жас ғалым» атты аудандық ғылыми жобалар байқауында 9-класс оқушысы Аманжолова Гүлсезім ІІ орын

Жетекшісі: Омарғалиева Гулжан.

Жалпы білім беретін мектептердің 7-11 класс оқушылары арасында өткен «Шежірелі өлкемнің тарландары» тақырыбында өткен аудандық зерттеу шығармалары және мақала байқауы 11-класс оқушысы Кемаладинова Қорлан І орын. Облыстық кезеңнен ІІ орын. Жетекшісі: Бақытжанқызы Гүлдана.

«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен «Табиғи ресурстағы үнемділік-болашаққа сенімділік» атты жобалар байқауының аудандық кезеңінде 11-класс оқушылары Амангелді Жанерке Мен Қырымқұл Айханым ІІІ орын. Жетекшісі: Сенбаева Жаннұр.

**2023-2024жж** оқушыларды кіші буыннан бастап ғылымға баулу және жас зерттеушілерді қолдау мақсатында жалпы білім беретін мектептердің 1-7 класс оқушыларына арналған Республикалық «Зерде» атты шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстарының аудандық кезеңінде төмендегідей нәтиже көрсетті.

| № | Оқушының аты-жөні | Класс | Жобаның бағыты | Жетекшісі | Аудандық | Облыстық |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қалдымұрат Сафура | 4 | Информатика, робототехника STEM | Қонысбаева Салтанат | І-орын | І-орын |
| 2 | Марқабаева Інжу | 4 | Информатика, робототехника STEM | Жолдыбаева Лэйла | І-орын | І-орын |
| 3 | Керей Сабина | 5 | Орыс тілі мен әдебиеті | Берикова Бақытгүл | І-орын | - |
| 4 | Қуанышқали Айару | 5 | Орыс тілі мен әдебиеті | Берикова Бақытгүл | І-орын | - |
| 5 | Аманжолова Зере | 6 | Орыс тілі мен әдебиеті | Исмағамбет Гүлнара | І-орын | - |
| 6 | Бақтығалиева Аяулым | 6 | Орыс тілі мен әдебиеті | Исмағамбет Гүлнара | І-орын | -- |
| 7 | Есентемірова Кәусар | 7 | Технология | Жазимова Орынгүл | І-орын | ІІІ-орын |
| 8 | Орынқұлова Айымай | 7 | Технология | Жазимова Орынгүл | І-орын | ІІІ-орын |
| 9 | Ерболатқызы Айгерім | 7 | Ағылшын тілі | Толжанова Дамет | І-орын | - |




2023-2024жж оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін. Осы орайда оқушылар математикалық олимпиадалар мен байқауларда көптеген жетістіктерге жетті.

5-6 сынып оқушылары арасында өткен «Алтын сақа» олимпиаданың аудандық кезеңінде 5-сынып оқушылары Нұртанов Ахмедияр ІІ орын, Адаев Бибарыс ІІІ орын, Өмірбай Нұрдәулет ІІІ орын. Жетекшілері: Айсұлтан Айжанар, Оналбаева Айгерим.

Ауылдық елді мекендердегі 7-8 класс оқушыларына арналған Г.О.Сұлтанов атындағы математикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде Барболсын Рамазан III орынмен марапатталды. Жетекшісі: Оналбаева Айгерим.

10-11сынып оқушылары арасында өткен «Алтын түлек» олимпиадасының аудандық кезеңінде 10-сынып оқушысы Тоғысбай Медина II орын, 11-сынып оқушысы Тілепберген Асылай III орынға ие болды. Жетекшілері: Оналбаева Айгерим, Бисембаева Райгуль.

Бастауыш класс оқушыларының математикалық олимпидалар мен байқаулардан жеткен жетістіктері де біршама.

«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының жоспарына сәйкес бастауыш сынып оқушыларына арналған республикалық «Бастау» атты математикалық құрама топтық олимпиадасының аудандық кезеңіне Ибадулла Абдуллах, Қожағалиев Қият, Ұзақова Айжұлдыз I орын алып облыстық кезеңге қатысып келді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 класс оқушыларына арналған облыстық математика, жаратылыстану, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, қазақстан тарихы пәндері бойынша Республикалық олимпиада. Аудандық кезеңге 22 оқушы жолдама алды.

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 6-сынып оқушысы Бақтығалиева Аяулым алғыс хат. Жетекшісі Исмағамбет Гүлнара.

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 6-сынып оқушысы Бултеева Сабина III орын. Жетекшісі: Исмағамбет Гүлнара.

Ағылшын тілі пәнінен 5-сынып оқушысы Құлынбай Айсана III орын. Жетекшісі: Кадирова Айгуль.

Жаратылыстану пәнінен 5-сынып оқушысы Құлданбаева Гүлсара III орын. Жетекшісі: Бердіғали Шынар.

Орыс тілі мен әдебиеті 5-сынып оқушысы Керей Сабина III орын. Жетекшісі: Берикова Бакытгул:




Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 класс оқушыларына арналған облыстық математика, жаратылыстану, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, қазақстан тарихы, биология, химия, география, информатика, физика пәндері бойынша Республикалық олимпиада. Аудандық кезенге 20 оқушы жолдама алды.

Қазақ тілі мен әдебиетінен 7-сынып оқушысы Тағыбергенова Інжу I орын. Жетекшісі: Макажанова Назгул.

Ағылшын тілі пәнінен 8-сынып оқушысы Қырымқұл Аружан I орын. Жетекшісі: Толжанова Дамет.

Информатика пәнінен 7-сынып оқушысы Әденов Ризабек III орын. Жетекшісі: Жолдыбаева Ләйла.

Орыс тілі мен әдебиеті пәінен 7-сынып оқушысы Қашақбаева Інжу III орын: Жетекшісі: Сисенова Клара.

Биология пәнінен 7-сынып оқушысы Кулбаев Нурсултан III орын. Жетекшісі: Елеуова Жангүл.

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 8-сынып оқушысы Есентемірова Ясмина III орын. Жетекшісі: Алмаганбетова Женисгуль.




Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың І (мектепішілік) кезеңі 2023 жылдың 29 қараша күні 9, 10, 11 – сыныптар аралығында өткізілді. Мектеп бойынша барлығы 67 оқушы олимпиадаға қатысты. Нәтижесінде 29 оқушы І орын, 20 оқушы ІІ орын, 14 оқушы ІІІ орындармен марапатталды.

Аудандық кезеңде 29 оқушы жолдама алып нәтижесінде 5 оқушы І-орын, 6 оқушы ІІ-орын, 5 оқушы ІІІ-орын.

| № | Қатысушының аты - жөні | Класс | Пәні | Жүлделі орны | Мұғалімінің аты-жөні |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кемаладинова Қорлан | 11 | Ағылшын тілі | І-орын | Бақытжанқызы Гүлдана |
| 2 | Серікқалиұлы Ерсұлтан | 11 | Физика | І-орын | Азова Манчук |
| 3 | Аманжолова Мадина | 10 | Орыс тілі мен әдебиеті | І-орын | Исмағамбет Гүлнара |
| 4 | Тлеуова Мадина | 10 | География | І-орын | Омаргалиева Гүлжан |
| 5 | Сағынбай Әйтекеби | 9 | Химия | І-орын | Төребай Жұмагүл |
| 6 | Бозшина Қарақат | 11 | География | ІІ-орын | Бердіғали Шынар |
| 7 | Бақытов Жандәулет | 11 | Информатика | ІІ-орын | Тәжімағанбет Жеміс |
| 8 | Қырымқұл Айханым | 11 | Биология | ІІ-орын | Елеуова Жангүл |
| 9 | Ахтанов Тахауи | 10 | Тарих | ІІ-орын | Тұрлыбаев Елдос |
| 10 | Жекеева Асылжан | 10 | Құқық негіздері | ІІ-орын | Нұржанова Нұргүл |
| 11 | Тулеуова Альбина | 9 | Қазақ тілі мен әдебиеті | ІІ-орын | Қалиұлла Жұлдызай |
| 12 | Дүйсенбекқызы Нұрайым | 11 | Химия | ІІІ-орын | Азова Гүлнар |
| 13 | Арыстанова Құралай | 10 | Қазақ тілі мен әдебиеті | ІІІ-орын | Қазыбекова Арзия |
| 14 | Тоғысбай Медина | 10 | Ағылшын тілі | ІІІ-орын | Кадирова Айгүл |
| 15 | Жақсылық Ұлпан | 9 | Орыс тілі мен әдебиеті | ІІІ-орын | Қалыбай Айнұр |
| 16 | Жетпісбаев Мағжан | 9 | Математика | ІІІ-орын | Айсұлтан Айжанар |




Олимпиаданың облыстық кезеңінде география пәні бойынша 10-класс оқушысы Төлеуова Мадина II орын, жетекшісі: Омарғалиева Гүлжан

Аудан намысын облыстық деңгейде көрсете білген Төлеуова Мадинаға аудандық білім бөлімінен 50 000 теңгелік сертификат табысталды. Олимпиадада қол жеткізген жетістіктің жалпы есебі бойынша Қарауылкелді орта мектебі үздік деп танылып, " Үздік олимпиадалық команда" номинациясын иеленіп, 1 орын дипломмен марапатталды.

**«Кішкентай білгірлер»** атты облыстық интеллектуалдық олимпиаданың аудандық кезеңінде «Білгірлер» командасы II орын. Команда құрамы: Марқабаева Інжу, Серікова Айназым, Берік Інжу, Ахтанова Қазына. Марқабаева Інжу облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық III орын.

**«Ақбота»** зияткерлік олимпиадасына мектебізден 1-11 класс оқушылары қатысты. Нәтижесінде I орын – 5, II орын – 7, III орын – 12.

Оқушылардың танымдық қызығушылығын және мүмкіндіктерін әлеуметтік белсенділігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған "Мейірім әлемді құтқарады" атты сырттай облыстық шығармашылық байқауында "Мейірімді істер" сурет байқауы бағытында 2-класс оқушысы Ақбидаев Нұрғизат Мақтау қағазы, "Мейірім әлемді құтқарады" бейнеүндеу бағытында 2-класс оқушысы Шымбай Хиуаз III орынды иемденді. Жетекшісі: Төлекбаева Мөлдір Болатбайқызы.

Жалпы білім беретін оқу орындарының 5-11 класс оқушылары арасында өткен Т.Айбергенов оқуларының облыстық кезеңінде «Шын дос болсаң бір келіп сырласып кет» номинациясы бойынша 10-класс оқушысы Тоғысбай Медина I орынды иемденіп, республикалық кезеңге жолдама алды. Жетекшісі: Шырдабаева Гулзия.

Қазақтың тұңғыш суретшісі Әбілхан Қастеевтің туғанына-120 жыл мерей тойына орай көркем еңбек пәні бойынша аудандық пәндік олимпиададан 5-сынып оқушысы Төлепова Мадина I орын иемденіп, облыстық кезеңге жолдама алды. Жетекшісі: Шырдабаева Гүлзия. 6-сынып оқушысы Меделбаева Сезім II орын, Адаев Бибарыс II орын Жетекшілері: Шырдабаева Гүлзия, Жазимова Орынгүл.

Жалпы білім беретін мектептердің 8-11 класс оқушыларына арналған лингвистикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде 10-класс оқушысы Тоғысбай Медина II орын, 11-класс оқушысы Кемаладинова Қорлан III орын мен марапатталды. Жетекшілері: Кадирова Айгуль, Бақытжанқызы Гүлдана.

Ауыл мектептерінің 9-11 класс оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың бірінші (аудандық) кезеңіне құқық негіздері пәнінен 10-класс оқушысы Серікұлы Мансур, информатика пәнінен 9 сынып оқушылары Еңсепов Нұрбек пен Бақытов Айболат қатысып, нәтижесінде облыстық кезеңге жолдама алды. Жетекшілері: Нуржанова Нургул, Жолдыбаева Ләйла.

**Жалпы қорытындылай келе**

| Олимпиада мен конкурстар түрлері | Аудандық | Облыстық | Республикалық |
|---|---|---|---|
| Пәндік олимпиадалар мен білім | 43 | 1 | - |

| | | | |
|---|---|---|---|
| байқаулары | | | |
| Ғылыми және шығармашылық жобалар байқауы | 46 | 11 | 1 |
| Қашықтық форматтағы байқаулар | 2 | 2 | 9 |
| Интеллектуалдық конкурстар | - | - | 24 |

***Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.***

*Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.*

**2023-2024 оқу жылында** Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта Қарауылкелді орта мектебінде 2023-2024 оқу жылына жасалынған біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған. Жоспар негізінде соңғы 2018, 2019, 2020 жылы курстан өткен педагогтердің және 2023-2024 оқу жылында аттестацилаудан өткізілетін педагогтердің жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізілетіндігі ескертіліп Байғанин аудандық білім бөліміне сұраныс жасалып, педагогтер біліктілік арттыру курсынан кезең кезеңімен өткізілген.

*2023-2024 оқу жылы. Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған.*

*А.Айсұлтан –**жас маман болуына байланысты 5 жыл еңбек өтілі болмағандықтан біліктілікті арттыру курсынан өту міндетті емес екендігі мәлім.***

***2023-2024 оқу жылы. Ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес 17 педагог біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.***

***2023-2024 оқу жылындағы*** басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша.

| Оқу жылы | Мектеп диреторы | Директордың оқу ісі орынбасарлары | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары | Директордың бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары |
|---|---|---|---|---|---|
| 2023-2024 оқу жылы | К.М.Койшығулова<br><br>31.05.2022ж. «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджент» 430сағат, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық | Б.А.Кисикбасов<br><br>18.11.2016ж. Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру ұйымдары басшылары орынбасарлар | Ш.И.Бердіғали<br><br>01.12.2023ж. «Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету» 40сағат, «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық | Г.І.Күшпанова<br><br>16.05.2024ж. «Білім беру ұйымдарын басқару менеджменті» 80сағат, Республикалық Daryn.online білім беру | К.Ә.Әбимолда<br><br>28.01.2022ж. «Білім берудегі менеджмент» 80сағат, ҚР Білім және Ғылым министрлігі, «НұрScience» ғылыми әдістемелік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шеберлік орталығы. Тіркеу номері 2be09d1c9<br><br>10.04.2020ж. «Көшбасшылық және шағын жинақты мектепті басқару» 640сағат, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы. Серия D №005672<br><br>25.05.2020ж. Жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру. 640сағат, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығының Орал қ. филиалы, D №004591 | ының біліктілігін арттыру. 40сағат, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығының филиалы Ақтөбе қ. Тіркеу номері БЖ №027700 | институты» коммерциялық емес АҚ Тіркеу номері №0038126 | платформасы , Тіркеу номері №22-69353 | жоғары мектебі, Тіркеу нөмірі 6542 |

**3.Білім алушылар контингенті Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:**

**деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;**

| № | контингенттің құрылымы | 2023-2024 | |
|---|---|---|---|
| | | жалпы сынып саны | оқушылар саны |
| 1 | **Қарауылкелді орта мектебі** | **31** | **637** |

«Қарауылкелді орта мектебі » КММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын,оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп,алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірллері уақытылы берілген. Мектепте білім беру ҚР Бастауыш, негізгі

орта білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарты негізінде жүзеге асырылады. Бастауыш, негізгі орта білім берудің базалық мазмұны инвариантты бөлімнің оқу пәндері арқылы толық көлемде іске асырылды.

***2023-2024*** оқу жылының жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелері мектеп директоры Койшыгулова Канат Маркабаевнамен бекітілген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған.

ЖБМ ұйымында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Білім беру процесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету жыл сайын тиісті оқу жылының нұсқаулық әдістемелік хатындағы құжаттар тізбесі негізінде жүзеге асырылады.

Тексерілді:

1. 2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Байғанин ауданының білім бөлімімен келісілген және мектеп директорымен бекітілген.
2. 2023-2024 оқу жылының сабақ кестесі санитарлық талаптарға сай құрылған және мектеп директорымен бекітілген.
3. 2023-2024 оқу жылының вариатив сабақтарының кестесі мектеп директорымен бекітілген.

Оқу жұмыс жоспары мен оқу сабақтарының кестесі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы»№ ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70- тармағының сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы туралы 2-қосымшасында сыныптағы балалар саны -сынып жинақтау тәртібінің сақталуы, сынып толымдылығы нормаларының сақталуы Қарауылкелді орта мектебінде 2023-2024 оқу жылында 31 класс комплектіде 637 білім алушылар контингентін құрады. Әр класс-комплектіге 21-22 білім алушыдан келіп, сынып толымдылығына қойылатын талаптар сақталған.

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Қарауылкелді орта мектебі бойынша

2023-2024 оқу жылындағы контингент қозғалысы

| Оқу жылдары бойынша | Барлығы | | 1-4 сыныптар | | 5-9 сыныптар | | 10-11 сыныптар | | Оқушы саны 4 тоқсан бойынша |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | келді | кетті | келді | кетті | келді | кетті | келді | кетті | |
| **2023-2024** | **16** | **12** | **6** | **8** | **7** | **3** | **3** | **1** | **641** |

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі тұрғылықты жерін ауыстыру болып қала береді.

**4. Оқу-әдістемелік жұмыс**

***жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;***

**2023-2024 оқу жылы бойынша** «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (№1 қосымша);

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен

толықтыруларымен); Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар bilimclass.kz те толтырылған.

***ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;***

2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталған.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

**2023-2024 оқу жылы бойынша Қарауылкелді орта мектебі, контингент 1-11 сыныпта 31 класс жиынтығында – 637 білім алушы, ал мектепалды даярлық бойынша 5 сынып жиынтықталып – 95 білім алушы оқиды.**

**2023-2024 оқу жылы бойынша Қарауылкелді орта мектебінде 5 мектепалды даярлық сыныптары жасакталып, оқу жылы басында 95 тәрбиеленуші білім алып, оқу жылын 92 тәрбиеленушімен аяктады. Қызы-49, ұлы-43**

**Жалпы білім беретін орта мектептің мектепке дейінгі даярлық сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:**

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
- «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (№1 қосымша);
- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығының 1 қосымшасы.
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы жоспарлары (2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен);
- Санитарлық ережелер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (ҚР ӘМ 06.08.2021 ж №23890 болып тіркелген).

***Жалпы білім беретін орта мектептің 1-4-сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:***

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2023 жылғы 18 тамыздағы **№** 264 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399; 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467; 2023 жылғы 5 шілдедегі №199 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен);
- Санитарлық ережелер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-

эпидемиологиялық талаптар» (ҚР ӘМ 06.08.2021 ж №23890 болып тіркелген).

***Жалпы білім беретін орта мектептің 5-9-сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:***

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 4-қосымшаға сәйкес «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен);
- «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарынының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 және 2022 жылғы 21 карашадағы № 467 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен);
- Санитарлық ережелер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (ҚР ӘМ 06.08.2021 ж №23890 болып тіркелген).

***Жалпы білім беретін орта мектептің 10-11-сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:***

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен);
- «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарынының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 және 2022 жылғы 21 карашадағы № 467 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен);
- Санитарлық ережелер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (ҚР ӘМ 06.08.2021 ж №23890 болып тіркелген).
- 2023-2024 оқу жылының ұзақтығы: мектепалды даярлық, 1-сыныптарда – 33 апта, 2-11(12)-сыныптарда – 34 апта, 2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

2023-2024 оқу жылында Қарауылкелді орта мектебінде 5 мектепалды даярлық сыныбы, 31

класс комплектісі жинақталып, онда барлығы 637 оқушы білім алуда.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген барлық деңгейде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес:

- 1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының міндетті түрде оқытылуы қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» пәні аясында жүзеге асырылады; жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады;

- «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

- 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады;

- 5-9-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту «Дене шынықтыру» оқу пәнінің аясында дене шынықтыру мұғалімдерімен жылдық 15 сағаттық оқу жүктемесімен жүзеге асырылады. «Өмір қауіпсізді негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып есептеледі және оқу уақытында өткізіледі.

- «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:

- 1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері», ал 3-4-сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.

- оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері, ал 2-сыныптан бастап, «Орыс тілі» пәні оқытылады;

Негізгі орта (5-8-сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім беру деңгейінде академиялық жыл аяқталған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізілді.

5-9-сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінеді.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі қазақ тілінде оқытатын жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі

10 сыныпта – 2 сағат; 11 сыныпта - 2 сағат.

## I. МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ

Бағдарлама балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған, соның ішінде балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез құлықкағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабақтар.Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі, апталық оқу жүктемесі аптасына **20 сағат.**

**2023-2024 оқу жылындағы** мектепалды даярлық класындағы оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы" 1-қосымшасы негізінде құрастырылған.

Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру

жағдайларын жасалынған, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық кеңістік орта, оның ішінде арнайы орта құрылған, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдылары қалыптастыру бойынша , балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтікэмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етіп, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілік, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу болып табылады. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны - **«Физикалық қасиеттерді дамыту»**, **«Коммуникативтік дағдыларды дамыту»**, **«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»**, **«Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»**, **«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру»** дағдылары бойынша негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру және жеке жолымен іске асырылуда.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылған және іске асырылады.

Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуы қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минуттан құралған. Мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған. Мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелері

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттары баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижесінің болуы. Бүгінгі күні аталған Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастырады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері: - балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау;

- әңгімелесу;
5. Ата-аналармен және жұртшылықпен жұмыс жүйесін қалыптастыру және дамытуды жалғастыру.

6. Тәрбие мақсаттары мен міндеттерін шешуде сынып жетекшілерімен өзара әрекеттесу жүйесін дамыту.

**білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.**
Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың есепке ала отырып жұмыс оқу жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған.

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған.

***Инклюзивтік білім беру туралы:***

2023-2024 оқу жылында ҚР «Білім туралы» Заңының 11 бабы 14-тармақшасы негізінде және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуға деген құқығын іске асыру, олардың барынша дамуына, әлеуметтенуіне жағдай жасау және жан-жақты қолдау көрсету мақсатында білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес 5 *оқушыға* инклюзивті білім берілген.Білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасымен жеке қолдау арқылы білім алуы қамтамасыз етілген.

**2023-2024 оқу жылында** ерекше білім беру қажеттілігі бар 5 білім алушы білім алған.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Жұмабай Осман | 1б сынып | ПМПК № 218 | 03.05. 2023ж |
| 2. Боштай Айжұлдыз | 2ә сынып | ПМПК № 390 | 22.04.2024ж |
| 3. Маратов Досымжан | 2в сынып | ПМПК № 387 | 22.04.2024ж |
| 4. Зинабдин Жалғас | 2б сынып | ПМПК №7257 | 02.11.2023ж |
| 5. Ұзақбай Мансур | 1 б сынып | ПМПК №235 | 04.05.2023 ж |

2023-2024 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастырудағы атқарған жұмыстары төмендегідей:

Білімге деген сұраныстары ерекше оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер оқу процесінде жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын қажетіне қарай бейімдеп, сабақты білімге деген сұраныстары ерекше балаларды оқытудың жеке тәсілдерін сабақтарында қолданып отырған. Сабақтарында пән мұғалімдері білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда өзгермелі жеке әдіс- тәсілдерді қолданып жеке қолдау арқылы бағалап отырады.

Педагог-психолог С.Б.Жазыкбаева, арнайы педагог Г.С.Тоқмұратова, логопед М.Ж.Абубакирова, әлеуметтік педагог Н.Қ.Жүрсін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қантардағы № 6 бұйрығымен бекітілген " Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары"-на сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда. Мектептің әлеуметтік педагогы Н.Қ.Жүрсін ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып, тұрмыс-жағдайын бақылауға алған, зерделеу актілері жинақталған.

Мектептің арнайы педагогы(дефектолог) Г.С.Тоқмұратова, психолог С.Б.Жазыкбаева ,әлеуметтік педагог Н.Қ.Жүрсін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда пән мұғалімдеріне кеңестер беріп, көмек ұйымдастырып отырған. Мектептің әлеуметтік педагогы Н.Қ.Жүрсін ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып «Қайырымдылық», «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акциялар арқылы балаларға көмектер берілген, отбасындағы балалардың тұрмыс-жағдайын үнемі барып бақылап актілеп отырады.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың мектепте білім алуын ұйымдастыруда мектеп әкімшілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алған.

Білім беру барысында ұстаздардың барлығы сабақ жоспарларына ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арнап тапсырма беріледі және тапсырма талданып формативті бағалаулар жүйесі негізінде бағаланады.

**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын оқу;**

2023-2024 оқу жылдары "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша 2-тарау 25-тармақшасы 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

3-қосымша 4- тарау 56-тармақшасы "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

4-қосымша 4- тарау 50-тармақшасы және Әдістемелік нұсқау хатта «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі

Мектеп бойынша "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсын жүргізу кезінде жылдық оқу жүктемелері орындалған. 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4 сыныптарда 10 сағат, 5-9 сыныптарда 15 сағат, 10-сыныптарда 12 сағат және 11-сыныптарда 16 сағат өткізілген.

***«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру.***

***2023 -2024 оқу жылында «жолда жүру міндетті оқу курсы*** 1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері » оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар бастауыш сыныптарда сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып,5-8 сыныптарда да сынып сағаттарымен бірге электронды журналда жазылған.

Жол қауіпсіздігін сақтау бойынша 1-4 класс оқушыларына ***«Жол ережесі қателікті көтермейді»*** тақырыбымен сынып сағаттары, кездесу кештері, практикалық жаттығу жұмыстары мен сурет көрмесі ұйымдастырылған. Жолда жүру ережелерін қатаң сақтау қажеттігі оқушыларға түсіндіріліп, практикалық сабақ өткізілген. Кешкі мезгілде мектеп сөмкелеріне жарықтандыру

құрылғыларын орналастыру қажеттілігін сынып жетекшілері ата – аналарға жеткізу қажеттігі туралы ұсыныстар берілген,

**Байғанин ауданы ПБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Ұ.Ізтұрғанов, полиция инспекторы Н.Темірханұлы мектеп оқушыларымен кездесіп «Қауіпсіз жол» ЖПШ** өтуіне байланысты жол көлік оқиғаларының алдын – алу мақсатында және жолда жүру ережелерімен таныстырып, кәмелетке толмағандардың жасөспірімнің машина айдауға тиым салу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

**"Жол қауіпсіздігін сақтаймыз"** тақырыбында сынып сағаттары өткізілген.. Патрульдік полиция тобының қызметтік инспекторы Аянбек Жалғасұлы және Адаев Ержан жолда жүру ережелері бойынша кеңінен ақпарат берген.

5 сынып оқушыларынаБайғанин ауданы **ПБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Ұ.Н.Ізтұрғанов және ЖПШ полиция майоры Р.Қожанов** жолда жүру ережелері бойынша түсіндірме жұмыстар жүргізілген.

1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері » оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып жазылған.

***Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:***

*1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;*

**2023-2024 оқу жылында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 1-сыныпта-19.5 2-сыныпта – 24, 3 және 4-сыныптарда -26 сағаттан. Негізгі орта білім беруде 5-6 сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта–32,5 сағаттан, 9-сыныпта-34, 10-11сыныпта-35 сағат, Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.**

**білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы:**

**2023-2024- оқу жылдары** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына сәйкес, инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

Электрондық журналдарды тексеру барысында, оқу жұмыс жоспарында, сабақ кестесінде пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталғандығы анықталды. Барлығы типтік үлгілік оқу жоспарларға сәйкес жасалған.

***2023-2024 оқу жылы* бойынша** 1-класта-апталық 19,5 сағат, жылдық - 643,5 сағат, 2-класта – апталық 24 сағат, жылдық 816 сағат, 3-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 884 сағат, 4-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 884 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 28,5 сағат, жылдық 969 сағат, 6-сыныпта – апталық 28,5 сағат, жылдық 969 сағат, 7-сыныпта – апталық 31,5 сағат, жылдық 1071 сағат, 8-сыныпта – апталық 32,5сағат, жылдық 1105 сағат, 9-сыныпта – апталық 34 сағат, жылдық 1156 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10 -сыныптар – апталық 35 сағат, жылдық - 1190 сағатты, 11-сыныпта – апталық 35 сағат, жылдық - 1190 сағатты құрайды. Оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

**Вариативтік компонентті анықтауда білім беру ұйымы қызметінің ерекшеліктері мен бағыты балалардың қызығушылықтары, және т. б. ескерілген. Вариативті компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілген.**

**Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.**

Сыныптарды топқа бөліп оқытудың талаптарының сақталу жағдайын электрондық «Bilim klass» журналы арқылы тексерілді.Оқу жылдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда жүргізілген. Сыныптарды топқа бөлу барысында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктері есепке алынған.

Сыныпты топқа бөліп оқытуға байланысты өзгерістер оқу жылдарында жүргізілген.

***2023-2024 оқу жылдары*** кластарды екі топқа бөлу (оқушылар саны 24 және одан артық болғанда) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде жүргізілген.
Аталған құжаттың 2-қосымшасына сәйкес *Бастауыш білім берудің* мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы, 1-параграфы, 42-тармағы бойынша 1-4 сыныптарда сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 24 және одан артық болғанда цифрлық сауаттылық пәні бойынша жүргізіліп отырған.
*Топқа бөлінген кластар:*
2023-2024 оқу жылында: бастауыш сынып бойынша 1б, 2а, 2ә,2 в сыныптар. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар 1б (Ұзақбай Мансұр, Жұмабай Осман), 2а (Зинабдин Жалғас), 2ә (Боштай Айжұлдыз) және 2в (Маратов Досымжан) сыныптарында білім алды. Инклюзивті білім беру шеңберінде 42-тармақта көрсетілген пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылған.
***2023-2024 оқу жылы*** кластарды екі топқа бөлу(оқушылар саны 24 және одан артық болғанда) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен *(ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406)* енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде жүргізілген.
Аталған құжаттың 2-қосымшасына сәйкес *Бастауыш білім берудің* мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы, 30-тармағы бойынша 1-4 сыныптарда сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 24 және одан артық болғанда цифрлық сауаттылық (1 сыныптан басқа) бойынша жүргізілген.
*Негізгі орта білім беру бойынша:*
Аталған құжаттың 3-қосымшасына сәйкес *Негізгі орта білім берудің* мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы 43-тармағы бойынша сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 24 және одан артық болғанда информатика пәні бойынша жүргізілген.

## *15. Оқу мерзіміне өлшемшарттар*

**тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;**
2023-2024 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылған. Педагогикалық кеңесте қаралған. Мектеп директорының бұйрығымен оқу жылының басында, яғни қыркүйек айында 1- класқа қабылдау, 10-класқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, жинақталған. Оқу жылының аяғында 9 класс, 11 класс түлектеріне аттестат беріліп, мектеп есебінен шығарылып отырған.
Аталған оқу жылдарында мектепке бірінші сынып білім алушыларын қабылданған бұйрық 2021 жылдың 25 тамызынан кейін шығарылған, ал 10 сыныптарға қабылданған білім алушылардың ата-аналарының өтініштері негізінде 15 тамызға дейін бұйрық шығарылып, негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде мемлекеттік қызмет көрсету арқылы қабылданған.
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары" негізінде оқушылар басқа білім ұйымдарынан қабылдау, ауысуына байланысты мектеп есебінен мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары жинақталған.
**2023-2024 оқу жылының** басында 643 оқушы. 1- сыныпқа 66 оқушы, 10- сыныпқа 47 оқушы қабылданған. 9 кластан 49 оқушы, 11 кластан 40 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған
Мектептен құқыққа қарсы әрекет жасағаны үшін шығарылған оқушы болмаған, оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған.

**сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.**

**2023-2024** оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптардда 33 апта, 2-11-сыныптарда 34апта

2023-2024 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

Сабақтың ұзақтығы -45 минут, Бірінші сыныптарда оқу сабақтарының режимі- қыркүйекте- күніне -35 минуттан үш сабақ,казан айынан бастап санитарлық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып- 45 минуттан өткізілген

**5.Оқу-материалдық активтер**

**Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:**
**- Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау. Ғимараттуралымәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.).**

Мектептің 1969 жылы ашылған.Жалпы ауданы –11456м ш/м. Мектеп ғимараты 530 орынға арналған. Оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқыту құралдарының болуы туралы мәліметтер мектептің оқу ғимаратында оқу процесіне қажетті жағдайлар жасалған.

Мектепте мұғалімнің жұмыс аймағы (оқушылардың оқу үстелдерін орналастыру), оқу-көрнекі құралдарды орналастыруға арналған шкафтар, химия, биология, физика кабинеттерінде мұғалімдердің демонстрациялық орнылары бар. Оқу орындары үй-жайдың мақсатына қарай су, электр энергиясы, кәріз жүйелерімен жабдықталған. Ақпараттық-есептеу техникасы кабинетінде компьютерлік үстелдерді периметр бойынша орналастыру ескерілген.

4. **Техникалық төлқұжат бойынша үй - жайлар, бөлмелер саны-40.**

Физика-1 (64,2 м2 ); Химия-1, (61,8м2 ); Биология-1,(48,3 м2 );Тарих-1, (46,7 м2 ); АӘжТД -1,(54,7 м2 ); География -1, (46,7 м2 );Қазақ тілі мен әдебиеті-1, (47,5 м2 ); Математика –1, (56,4 м2 );Бастауыш кабинеті -8, (49,7 м2); Ағылшын кабинеті –1, (48,5 м2 ),Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті –1, (47,1 м2 ),Технология кабинеті (ұл)–1, (23,2 м2); Технология кабинеті (қыз)-1, (22,7 м2 ), Информаткика кабинет-1,(38,0м2); IT-кабинет-1,(49,8 м2),Робототехника кабинеті-1,(31,1м2);

5. Интерактивті кабинет-6; Интерактивті панель тақта-2; графопроектор-5; Экраны-3;микраскоп-15шт;скилет-1; муляждар,документ камера-1; гербарилер; шаңғы-30;коньки-30 доптар (баскитбол,волейбол,футбол,ганбол)-45; обруч-4; эстафеталық ойындар үшін фишкі-12; эстафеталық ойындар үшін-6;маты-10,турник-1;мостик-1;арқан-1;гимнастикалық ат,бөрене, ,гимнастикалық қабырға-1; т.б

Қосалқы кабинеттер мамандар кабинеті: директор-,әлеуметтік педагог-1, медкабинет-1, психология -1, Акт зал-143.7кв/м,Спорт зал-143.7ш/м

Мектепте оқу кабинеттерінің жабдықталу көрсеткіштері бойынша тұтас білім беру ұйымындағы педагогикалық ұжым жұмысының келешегі мен негізгі бағыттары анықталады. Кабинеттерде құрал жабдықтар, физика, биология, химия, информатика, IT-кабинеттерімен жабдықтаудың шкафтар, стендтер, принтер және т.б. зертханалық құралдар сабақ өткізу кезінде графопроектор, экрандармен жабдықталған. Сыныпта орнатылған компьютерлерді интернет желісімен жалғау және оқушылардың дербес компьютерлермен (ноутбуктармен), мобильді құрылғылармен қамтамасыз етілген

**Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кеміне 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудориялар, практикамлық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар) , білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейне бақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы).**

Мектептің оқу кабинеттері қажетті оқу-дидактикалық кешендермен жабдықталған. Компьютерлік технологиялар басқаруда және оқытуда қолданылады.5 кабинет интерактивті тақтамен жабдықталған.

Шеберханалардың, зертханалардың жабдықтары нормативтік құжаттарға сәйкес қабылданды. Жиһаздың дизайны, оның өлшемдері, орналастыру ережелері санитарлық нормалар мен ережелерге,

сондай-ақ ГОСТ 1106-93 сәйкес келеді.

Физика зертханасы-15,1 кв/м; Химия зертханасы-13,1 кв/м; Биология зертханасы-15,5кв/м; АӘжТД кабинетінің қару жарақ қоятын қоймасы-6,2 м2 ; оқу зертханаларының құралдары таблицамен көрсетілген. ***/қосымша-1,2,3/***

-ғимаратта № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуғыштар) болуы. Мектеп типтік 1969 жылы ашылған. Ер балаларға арналған зәр шығару(писсуар),-3шт,қыз балаларға арналған-3шт 6-қол жуғыштар бар екендігі анықталды.

**Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер**

Медициналық кабинет бар. Сонымен қатар процедурный кабинет-9,9 ш/м; емдеу кабинеті-9,5 ш/м;, физиокабинет-11,4ш/м; білім алушыларға медициналық қызмет көрсетіледі. Актобе облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Байганин аудандық ауруханасы» КММ тарапынан медициналық кабинетке лицензия алынған. Лицензияның номері № 10632DD. Берілген уақыты 15.11.2019ж. Мерзімі шектеусіз. Медициналық кабинет қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Медициналық кабинетте дәрілер салатын құрал- жабдықтарға арналған шкаф, 3 кушетка, 3 ширма, бикс-5, мед. таразы,тоңазтқыш-2 т.б құралдар бар. Медициналық кабинетте қажетті алғашқы жәрдем көрсететін дәрі-дәрмектері бар. Кабинетте балаларды есепке алу (переписи) журналы, екпенің жылдық (сандық) журналы бар. Медициналық кабинетте Байғанин орталық ауруханадан Қарауылкелді орта мектебіне қызмет көрсетуге 2017ж.01.04. №1 бұйрық негізінде жіберілген -1 медициналық қызметкер жұмыс жасайды. Жылқыбаева Әсел мамандығы мейіргер ісі. Мейірбикенің біліктілігін арттыру куәлігі №0059 2024ж 31.01. бар.

**edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер;**

Зерделеу барысында үшінші деңгейдегі домендік атауды «RS Solutions» ЖШС (жауапкершілігі шектеулі серіктестік) 2021 ж 1 наурызында №84/2021 Домендік атауды тіркеу бойынша қызметтер көрсету шартымен edu.kz аймақтағы деректерге орналастырылған.

**Мектеп сайты: sch_karaulkeldy1@mail.kz ; мектеп электронды поштасы:sch_karaulkeldy1@mail.kz**

**Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін № 32 және № 49 бұйрықтарға** сәйкес Білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы. Мектепте зерделеу кезінде бейнебақылаулар саны- 28,мектеп ішінде 18, мектеп сыртында -10; Бейнебақылау жазбасы 30 күн сақталады.

***Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер***; Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасалған мектепте лифт,пандус,тактилді тақталар,әжетханалар мен жабдықталған.

**Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер.**

Мектепте типтік 80 орынға арналған асхана бар. Асхана бірнеше бөлмеден тұрады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына ((ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.12.2022 № 490 Қағида 108-1-тармақпен толықтырылды). «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы»ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын және жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға «Жалпыға міндетті білім беру» қорынан 2 оқушысы тамақпен қамтамасыз етілген. Бір балаға облыстық білім басқармасы бекіткен екі апталық ас мәзір бойынша бір балаға шаққанда 507 теңге көлемінде тамақтандырылады.ҚРБжҒ министірінің 2022ж қағидаға енгізілген өзгерісі негізінде 108-1. Білім беру ұйымдарында білім алушыларға өзімен бірге әкелінген тамақты ішу үшін қажетті жағдайлар жасалған. Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының берілген уақыты 16.03.2018ж. № D.12.X.KZ46VBS00104163. Тамақтану қызметін жеке касіркер «Изтілеуова М.С» көрсетеді. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі сериясы 08915 № 0105043 берілген уақыты 30.04.2012ж. Келісім шарт №1, берілген уақыты **01.02.2022ж.**

**Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер Қарауылкелді орта мектебі КММ**
***(2023-2024 оқу жылы жағдай бойынша)***

| Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы | Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана) | Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі) | Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету) |
|---|---|---|---|
| Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Құрманғазы көшесі 98 | Асхана 56,8кв/м | санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды №D.12.X.KZBS00104163 16.03.2018ж | *№1 Келісім шарт, 01.02.2022ж ИП «Изтлеуова М.С» серия 08915 №0105043 30.04.2012ж.* |

**6.Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор**

Мектепте кітапхана бар. Кітапхана ауданы 48,9 шаршы метр. Оқу залы-1, отыратын орындар саны - 20. Осылайша, білім беру ұйымы білім беру қызметін лицензияға сәйкес жүзеге асыратыны және лицензияның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңі бойы білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтайтыны анықталды.

Мектепте штаттық кесте бойынша екі кітапханашы жұмыс жасайды. Кітапхана меңгерушісі: Жумагалиева Айгуль Сабыровна.

білімі: жоғары.Кітапхана ісі. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті 2021 жылы тәмамдаған. Еңбек өтілі - 8 жыл

Жумагалиева Айгуль «Өрлеу біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» «Білім беру ұйымының ақпараттық-білім беру кеңістігін қалыптасырудағы кітапхананың рөлі» тақырыбы бойынша курстан өткен 11-22.02.2019ж (80 сағат) тіркеу №0256203.

Екінші кітапханашы: Жаулыбаева Гүлжахан Ықыласқызы, білімі: жоғары. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті 2018 жылы тәмамдаған.

Еңбек өтілі- 5 жыл.

Кітап қоры туралы:

Жалпы кітап қоры-24263; Оның ішінде: Оқулық-19272 ; Әдістемелік-320; Уақытша пайдалану қоры (дәптерлер)-170;

Негізгі қор-24263 дана

Қазақ тілінде- 22650; Орыс тілінде-1300 ; Ағылшын тілінде-313

Материалдық-техникалық база

Кітапхананың жалпы аумағы -48,9 шаршы метр; Абонемент аумағы- 63,2; Оқу залы -48,9ш/м; Оқулықтар қоймасы- 131,30ш/м

Коворкинг орталығы, буккроссинг алаңы, оқуға құштар мектеп алаңы жабдықталған.

Кітапхананың техникалық жабдықталуы:

Компьютер-1

Оның ішінде

Кітапханашыға-1 компьютер

Интернетке қосылған

Катологизация, қажет кітапты іздеу, кітаптың сипаттама карточкасын шығару.

Кітапханашылар семинарына қатысу, іс-тәжірибемен бөлісу:

Жаулыбаева Гүлжахан 2021жылы Баяндама «Оқуға құштар мектептен»-инновациялық кітапханаға»

2021ж. «Оқуға құштар баланы тәрбиелеудегі мектеп кітапханасының рөлі» республикалық семинар

Марапаттар: Жаулыбаева Гүлжахан 2021ж. Құрмет Грамотасы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі Республикалық Ғылыми-педагогикалқы кітапхана.

**Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер.**

Зерделеу нәтижесі бойынша мектепте 130 компьютермен жабдықталған оның 60-сы оқу үдерісінде қолданыста интернетке қосылған. Оның 40 ноутбук, 2-компьютерлік кабинет 20-компьютер жұмыс жасап тұрғаны анықталды. Роботтехника кабинет 40-ноутбук бар. Әкімшілікке арналған 2 ноутбук интернетке қосылған.Оптикалық-талшықты интернет желісі жүргізілген. Мектеп бойынша 2 - нүкте арқылы Wi Fi қабылдау-тарату қондырғысымен жабдықталған оқу ғимаратындағы барлық кабинеттен интернетке қосылу мүмкіндігі қарастырылған. Интернет жылдамдығы 100 Мб/с. «Казахтелеком» АО мен 2024ж.16.01. №9 келісім шарт жасалған.

**7.Білім алушылардың білімін бағалау**

**Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:**

**-ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері);**

**2023-2024** оқу жылында 9 сыныптарда 49 оқушы, 11 сыныпта 40 оқушыны қорытынды аттестаттауға жіберілді. Жыл қорытындысы бойынша негізгі орта білім туралы үздік аттесттатқа 6 оқушы және жалпы орта білім туралы үздік аттестатқа 2 оқушы, «Алтын белгі» иегерлері 2 оқушы болды және Алтын белгіге ,Үздік аттестаттарға ұсынылған 9сынып және 11 сынып оқушылары толық қорғап шықты.

Барлық емтихандар мектеп директорының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша өтілді. 9 – сыныптар 4 пәннен, 11 сыныптар 5 пәннен емтихан тапсырған.

Ақтөбе облысының білім басқармасы негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды 2023-2024 оқу жылында ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес электронды түрде («бұлтқа» орналастырылған) бұғатталған емтихан материалдарын емтихан болатын күні берді. Аудандық білім бөлімінен жіберілген комиссия мүшесі қатысты. Барлық талаптар сақталды. Емтиханға жауапты пән мұғалімдері емтихан бағаларын хаттамаға түсіріп, қорытынды бағаларын шығарған. Электрондық журналға түсірілген. «Алтын белгі» иегерлерінің жұмыстары облыста тексерілген. Хаттамалары берілген. «Алтын белгі» иегерлері 2023-2024 оқу жылында 11 «А» сынып оқушысы Дүйсенбекқызы Нұрайым мен Кемаладинова Қорлан барлық емтихан пәндерінен «5» бағасын алып, белгілерін растаған.

Емтихан нәтижелеріне қарай пәндер бойынша төмендегідей сапа көрсеткіш көрсеткен

<u>**2023-2024 оқу жылында**</u> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары»ның 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша жүргізілген.

**2023-2024 оқу жылындағы** мемлекеттік емтихан қорытындысы:

| р/с | Класс | Күні | Пәні | Түрі | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Сапа | Мұғалімі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 9 «а,ә» | 29.05.2024 | Қазақ тілі | жазбаша | 49 | 11 | 26 | 12 | - | 75,5 % | Аққожаева Г |
| 2 | 9 «а,ә» | 03.06.2024 | Алгебра | жазбаша | 49 | 6 | 21 | 22 | - | 55,1 % | Бисенбаева Р |
| 3 | 9 «а,ә» | 06.06.2024 | Орыс тілі мен әдебиеті | жазбаша | 49 | 13 | 18 | 18 | - | 63,2 % | Исмағанбет Г |
| 4 | 9 «А» | 10.06.2024 | География | ауызша | 24 | 4 | 15 | 5 | - | 79,1 % | Омарғалиева Г |
| 5 | 9 «Ә» | 10.06.2024 | Қазақстан тарихы | ауызша | 25 | 7 | 11 | 7 | - | 72 % | Сәуірбай А |
| 6 | 11 кл | 28.05.2024 | Қазақ тілі | жазбаша | 40 | 15 | 20 | 5 | - | 87% | Аққожаева Г |
| 7 | 11 кл | 31.05.202 | Алгебра | жазбаш | 40 | 6 | 15 | 19 | - | 52,5 | Ибраемова А |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 4 | | а | | | | | % | |
| 8 | 11 кл | 04.06.2024 | Қазақстан тарихы | ауызша | 40 | 24 | 12 | 4 | - | 90% | Ақшолақова Э |
| 9 | 11 кл | 07.06.2024 | Орыс тілі мен әдебиеті | жазбаша | 40 | 15 | 14 | 11 | - | 72,5 % | Сисенова К |
| 10 | 11 кл | 11.06.2024 | География | жазбаша | 5 | 1 | 3 | 1 | - | 80 % | Бердіғали Ш |
| 11 | 11 кл | 11.06.2024 | Биология | жазбаша | 15 | 3 | 6 | 6 | - | 60% | Жазым Г |
| 12 | 11 кл | 11.06.2024 | Құқық негіздері | жазбаша | 3 | 3 | - | - | - | 100% | Қалбекқызы Қ |
| 13 | 11 кл | 11.06.2024 | химия | жазбаша | 5 | 2 | 2 | 1 | - | 80% | Азова Г |
| 14 | 11 кл | 11.06.2024 | Физика | жазбаша | 3 | - | 2 | 1 | - | 66,6 | Азова М |
| 15 | 11кл | 11.06.2024 | Информатика | жазбаша | 2 | - | 2 | - | - | 100% | Тәжмағанбет Ж |
| 16 | 11кл | 11.06.2024 | Құқық | ауызша | 3 | - | 3 | - | - | 100% | Нұржанова Н |
| 17 | 11кл | 11.06.2024 | Ағылшын | ауызша | 2 | 2 | - | - | - | 100% | Бақытжанқызы Г |
| 18 | 11кл | 11.06.2024 | Қазақ әдебиеті | ауызша | 2 | 1 | 1 | - | - | 100% | Аққожа Г |

Барлық пәндер бойынша қорытынды аттестаттаудың хаттамалары тігіліп, жинақталған.

**білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау**

**Зерделеу барысында:** «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру еңгізу туралы 2021 жылғы 28 сәуірдегі №189 бұйрығымен 2023-2024 оқу жылындағы сынып журналдарындағы бағалау bilimclass.kz ақпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді. Оқу жылында ағымдық бағалау баға қою, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық аракатынаста қойылған. 2-11-сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. Сонымен қатар, білім алушылардың тоқсандық және жылдық қорытынды бағалары шығарылғандығы анықталды. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілген.

Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілген. Білім алушылар орындаған жұмыстарда педагогтің комментарийлері ішінара жазылған. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер атқарған. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізіліп отырған. Мектеп бойынша әр тоқсан сайын гимназия директорымен бекітілген бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау өткізу кестесі жасалған.

Жиынтық бағалау кестесі пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспармен сәйкес келетіндігі анықталды.
Бөлім бойынша жиынтық бағалау 2-4 сыныптарда кемінде **7 және 15 балдан** артық емес, 5-11-сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болған, аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәннен тоқсанына екі реттен артық емес, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылған, өзге апталық жүктемесі бар пәннен тоқсанына үш реттен артық өткізілмеген. Бөлім бойынша жиынтық өткізілмейтін пәндерге «есептелінді» белгісі жазылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.

**Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (дамудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуді түзету).**

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың тізімі мен құжаттары 2023-2024 оқу жылына жинақталған. 2023 – 2024 оқу жылдарында мектепте әрбір баланың өзіндік ерекшелігіне қарай қолайлы жағдай қалыптастырылған. Жұмыс оқу жоспары жасалып, сабақ кестесі әзірленіп, оқу жоспары мен оқу бағдарламалары дайындалған. Оқу жетістіктері бағаланып сынып журналдарына түсірілген. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар педагогпен бірге өз қызметтерінің кері байланысын жүзеге асырып отырған. Мұғалімнің күнделікті қысқа мерзімді жоспарында ПМПК қорытындысы негізінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған жеңілдетілген жеке тапсырмалар дайындалған. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу процесін іске асыруда қарым-қатынас орнатылған. Оқу процесін тұлғаның жеке ерекшеліктерін ескепке алу негізінде ұйымдастырып, барлық білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етілген. 2023-2024 оқу жылында 5 білім алушы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқытылған.
Үлгілік оқу жоспарға сәйкес жасалып бекітілген жұмыстық оқу жоспары бойынша түзету жұмыстары жүргізілген. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу жұмыстары талапқа сай жүргізілген.
Білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін ескере отырып, барлық білім алушыларға сапалы білім алуына, әлеуметтік бейімделуге және өз қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік берілген. Танымдық қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктері есепке алынған. Білім алушының оқу процесінде көрінетін жетістіктері мен қиындықтарына сүйене отырып, түзету шаралары жүргізіліп отырған.
Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық – педагогикалық қолдап отыруға, білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауды және бағалауды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар педагогтер мен білім алушының отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсетуді, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау қамтылған.
Білім алушының білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалып, мектеп психологтарымен ,әлеуметтік педагогымен жұмыстар жүргізілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылармен және олардың ата – аналарымен педагогикалық – психологиялық және әлеуметтік сүйемелдеу жұмыстары жүйелі жүргізіліп, әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекші тарапынан қолдау жұмыстары ұйымдастырылған. Білім алушылар қоғамдық жұмыстарға, іс – шараларға қатыстырылған. Білім алушылардың білім алуына қолайлы жағдайлар жасалған. Мектепте өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге үйрету, баланы мектепішілік іс шараларға қатыстыру арқылы белсенділігін, қызығушылығын арттыру жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылған. Мұғалімдердің сабақ жоспарлары баланың психофизикалық мүмкіндіктерін, даму ерекшелігін ескере отырып құрылып, жеңілдетілген тапсырмалар берілген. Сабақ үстінде оқушымен жеке жұмыстар жасалған.
Білім алушылармен «Шексіз шығармашылық» республикалық байқауына қатыстыру шаралары ұйымдастырылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар 2023-2024 оқу жылында 2 «ә» сынып білім алушысы Боштай Айжұлдыз аудандық, облыстық кезеңіне қатысып,сертификат алды. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға психологиялық жайлы орта қамтамасыз етілген.
2023-2024 оқу жылында негізгі орта білім беру және жалпы білім беретін сыныптарында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен педагогикалық – психологиялық сүйемелдеу

жұмыстары ұйымдастырылған. Психологиялық - педагогикалық қолдау бойынша жеке жұмыс жоспары құрылып, диагностикалық, түзету дамыту жұмыстары бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілген. Білім алушылардың танымдық үрдісінің дамуын сүйемелдеу, таным үрдісінің деңгейін бақылап отыру, өзгеріс динамикаларын құру,диагностикалық жұмыстардың қорытындысы бойынша қолдау мамандарына ұсыныстар беру, ұсыныстың орындалуы туралы жұмыстар жүйелі ретке қойылған. Диагностикалық жұмыстар жеке және топтық деңгейде ұйымдастырылып,есте сақтау процесінің түрлері, ойлау, қабылдау, зейін процесінің қасиеттерінің деңгейі зерттеліп, түзету дамыту жұмыстары жүргізілген.Білім алушылардың ақыл ой дамуының деңгейі, қарым - қатынас аймағы, топтағы орны анықталып, жүргізілген жұмыстар бойынша ұсыныстар берілген. Түзету-дамыту жұмысы бойынша топтық деңгейде білім алушылардың коммуникативтілік белсенділік деңгейін бақылау және дамытуға ықпал ету мақсатында түзету сабақтары ұйымдастырылған. Жүргізілген түзету- дамыту сабақтарының қорытындысы бойынша білім алушының қатысым белсенділігі, ортада өзін - өзі ұстауы және еркін сезіне білу қасиеттері жақсы деңгейде бағаланған.
Орта және жоғары сынып білім алушыларының танымдық - конгетивті процестерін зерделеу мақсатында «Ақыл ой дамуының мектептік тесті», танымдық процестерінің дамуын комплексті зерттеу, деңгейлерін анықтау үшін әдістемелер жүргізілген. Жүргізілген диагностикалық жұмыстардың қорытындысы бойынша білім алушының танымдық – эмоционалдық даму деңгейі қалыпты деп бағаланған. Аутодеструктивті мінез құлықты, мінез құлық акцентуациясын бақылау және анықтау диагностикалары бойынша білім алушының мазасыздану, стресс жағдайлары қалыпты, мінез құлық акцентуациясы анықталмаған. Түзету- дамыту және алдын алу жұмыстары бойынша дәріс – тренингтер жоспарлы ұйымдастырылған. Білім алушының коммуникативтілік белсенділігі, қарым – қатынас аймағының дамуы, өзіндік «Мен» позициясының қалыптасуы жақсы деңгейде бағаланып, көрсетілген. Зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша білім алушылардың психикалық және дене даму ерекшеліктері, мінез құлықтық және эмоционалдық мәселелері жас ерекшелігіне сәйкес қалыпты деп бағаланған.
Мектептің психологиялық қолдау қызметінің бастауыш сыныптар арасында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен құрылған жұмыс жоспары 3 кезеңге бөлініп, іске асырылған. Жоспар негізінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың топтағы орнын және топтық қарым-қатынас деңгейі анықталған. Диагностикалық жұмыстардың қорытындысы бойынша білім алушылар сыныпқа қабылданған. Білім алушылардың көңіл-күйін анықтау мақсатында арттерапиялық жаттығулар өткізілген. Сөйлеу процесін дамытуда кинезиологиялық тапсырмалар арқылы екі қолмен сурет салу,саусақ жаттығулары, дамытушы ойындар жүргізілген. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар сыныпта сабақтан тыс іс-шараларға жиі қатыстырылған, «Ілгектермен жұмыс», «Отбасы суреті», Социометрия, А.Лурия тесті, ақыл – ой дамуының спецификасы, мозайка, пазлдармен жұмыстар жүргізілген. Түзету -дамыту бойынша екі қолмен сурет салу әдісі, «Танграм» әдісі, «Симметриялық суреттер», «Өрнекті жалғастыру», «Кілемшені толықтыру», «Шиеленіс» әдістері ұйымдастырылған.

**10.Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары**

**1.**Білім алушыларды шығармашылық, зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелерін жетілдіру.

**2.** Мектептің материалдық-техникалық базасының «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» №70 бұйрықта көрсетілген өлшемшарттардағы талаптардың кейбір кабинеттерде ішінара орындалмауы.

**11.Қорытындылар мен ұсыныстар**

1. Пән мұғалімдерінің білім алушыларды түрлі білім саласындағы жарыстар мен конкурстарға қатыстыруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы «7» желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген байқау тізімдерін басшылыққа алынған.

2. Пән мұғалімдерінің кейбір пәндерден оқушылар жетістігін зерделей отырып, үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстарды жүйелі жүргізілген;

3. Мектептің материалдық-техникалық базасы мемлекеттік білім беру стандартын толық көлемде орындауға, оқу үрдісі мен сыныптан тыс іс-шараларды қажетті әдістемелік деңгейде жүргізуге толық мүмкіндік жасайды. Пән кабинеттері толық жабдықталып, қажетті құралдармен қамтамасыз етілген.

4.ҚР тәрбиеге қатысты нормативтік талаптары орындалған. Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша барлық бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізілді.

Мектептің оқу-әдістемелік жұмысының құрылымы жасалып, негізгі бағыттар бойынша жұмыстар айқындалған, оқу-әдістемелік жұмыстардың бағыттары бойынша жұмыстар жүйеленген, барлық бағыттарының құжаттары тіркеліп жинақталған. Мектептің әдістемелік қызметінің жүйесі, бағыттары бойынша нормативтік талаптар орындалған.

5.Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ПМПК қорытындысы бойынша денсаулық жағдайына байланысты оқытылатын балаларға жеңілдетілген (бейімделген) оқу бағдарламаларын әзірленіп және жинақталған;

6.«Ақтөбе облысының білім басқармасының Байғанин ауданының білім бөлімі» ММ «Қарауылкелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталған.

Мектеп директоры: К.М.Койшыгулова